

Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № А-10/437 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 5С-6-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 қыркүйекте № 3449 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № А-10/480 қаулысымен және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 қазандағы № 5С-42-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 21.10.2015 № А-10/480 қаулысымен және Ақмола облыстық мәслихатының 21.10.2015 № 5С-42-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10 бабының 1 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, 27 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақмола облысының елді мекендер аумағында, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін

2. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Қ.Қожамжаров

Ақмола облыстық мәслихаты

сессиясының төрағасы

А.Тайшытаев

Ақмола облыстық

мәслихатының хатшысы

Н.Дьячек

Ақмола облысы әкімдігінің
 2012 жылғы 18 қыркүйектегі
 № А-10/437 қаулысына қосымша
 Ақмола облыстық мәслихатының
 2012 жылғы 18 қыркүйектегі
 № 5С-6-4 шешіміне қосымша

Ақмола облысының елді мекендері аумағында, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

Елді мекендердің атауы	1 шаршы метр үшін теңгемен төлемақының базалық ставкасы	Сәйкес аймақтың басқа елді мекендері үшін базалық ставкадан пайызы
Көкшетау қаласы	950	25
Степногорск қаласы	800	20
Шучье қаласы	550	15
Бурабай кенті	1120	50
Ақкөл қаласы	463	15
Атбасар қаласы	516	15
Державинск қаласы	181	30
Ерейментау қаласы	307	25
Есіл қаласы	298	20
Макинск қаласы	404	20
Степняк қаласы	184	40
Аршалы кенті	310	40
Шортанды кенті	270	40
Ақмол ауылы	330	40
Астраханка селосы	138	40
Балкашино селосы	180	40
Егіндікөл селосы	124	40
Зеренді селосы	350	25
Жақсы селосы	141	40
Қорғалжын селосы	128	40